

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының
білім бөлімінің «Аягүл» бөбекжай - бақшасы МКҚК

Дүңкізілсін
15.10.2025 ж.
Жаңа

Тақырыбы «Дала құстарын ата» дидактикалық ойын



Қазақ тілі маманы: Г.Сегізбай

2025 жыл

Ақырыбы: «Дала құстарын ата» дидактикалық ойын

Максаты: Дала құстары туралы аитып беру, олардың тіршіліктерімен таныстыру.

Олардың сыртқы бейнесіне, дыбысына қарай ажырату. Қоршаған ортаға деген қамқорлық сезімдерін ояту, табиғатты қорғауға тәрбиелеу.

Құрал-жабдық: Суреттер, карточкалар, түрлі түсті қаламдар.

Ұйымдастыру кезеңі: «Құстар қалай дыбыстайды?» ойыны (Қарға –қарқ-қарқ, торғай –шиқ-шиқ т.б)

Негізгі бөлім: Дала құстары жайында әңгімелеп беру. Суреттер арқылы таныстыру.

Бүркіт –жыртқыш, биікте ұшады. Сауысқан –сақ құс, ұрлықшы деп те атайды.

Бозторғай-шөп арасында өмір сүреді, сайрайды Қарға ақылды, тазалықшы.

Қарлығаш-адамның досы деп атайды.

Сұрақ-жауап : Қандай құстарды білесіңдер? Құстар немен қоректенеді ?

Құстардың адамға қандай пайдасы бар?

Д/ойын. «Құсты тап!»

Максаты: Сипаттай білуге үйрету. Көру, есте сақтау қабілеттерін арттыру.

Жүргізілуі: Құстың сипаттамасы аитылып, бала сурет ішінен тауып көрсетеді.

Мысалы: Биікте ұшады, жыртқыш құс. (бүркіт) Ұясын адамдардың қорасына, салады. (қарлығаш)

Д/ойын: «Құстың көлеңкесін тап»

Максаты: құстардың пішінін тану, көру қабілеттерін дамыту.

Жүргізілуі: құстардың суреттері және көлеңке нұсқалары беріледі. Балалар сәйкестендіріп қойып шығуы қажет.

Ойын « Тыңда да ата »

Максаты : құстардың дауысын ажырату, тыңдай білуге дағдыландыру.

Жүргізілуі: құстардың дыбыстары қосылады (аудио) Балалар естіген құстың атын атайды.

Ойын «Ұша ма, ұшпай ма?» ұшатын және ұшпайтын құстардың суреттері беріледі.

Балалар ұшатын құстарды бөліп атайды. (бүркі, қарлығаш, сауысқан, торғай, қарға)

Ұшпайтын құстардың аттарын атап көрсетеді. (тауық, қаз, үйрек, әтеш, күркетауық).

Қорытынды: «Құстар – табиғаттың досы, Оларды қорғау – біздің міндетімі» деген сөздерді балаларға ұғындыру.

